

## ОЮ-ӨРНЕК МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ДҮНИЕТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Қалдыбаева Ұлдана Қалдыбайқызы kaldibatva@mail.ru Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің «Дизайн» мамандығының 1 курс студенті, Атырау қаласы, Қазақстан Республикасы Ғылыми жетекшісі педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор – Е.С. Қоянғалиев.

Қазақ халқының ою-өрнек өнері ертедегі ұлттық өнерлердің ішіндегі ең дәстүрлісі, кең тараған саласы. Бұл ұлтымыздың мәдени дамуының жалғасы, адам жанына ләззат сыйлай білетін, эстетикалық мәні зор түрі. Қазір қазақтың 230-дай ежелден келе жатқан ою-өрнектің атаулары бар. Қолөнер шеберлері ежелден ою-өрнек атауларын екіге бөліп қарастырған. Бірінші топқа тікелей ою-өрнектердің өзіне қатысты негізгі атаулар. Екінші топқа ою-өрнек қолданылатын бұйымдардың атауларын жатқызамыз. Қазақтың ою-өрнектерін теориялық жағынан негіздеу этнолингвистикалық атауларды лексико-семантикалық топтарға бөлуге қатысты қорытындылар жасауға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда қазақ ою-өрнектің практикалық маңызы артып отыр. «Ою» және «өрнек» сөздері бір мағынаны береді. Бедері түсірілген үлгіні кесіп, ойып алып немесе киіп қиюластыру ою деп аталады. Тұскиізге, киімдерге және қолөнер бұйымдарына кестелеп бейнеленетін етіп бедер, тоқылатын алашаға, қоржынға түсірілетін неше түрлі геометриялық бедерлерді өрнек деп атаймыз. Ертеде қазақ ою-өрнегін көне тәсілмен жасаған кезде шеберлер оның дәлдігін сақтамай, көзбен өлшеп қиып, ою-өрнектің тең пропорциясын жасай білген. Бұл деректерді бізге мұра қалған көне ескерткіштерден анық көруге болады. Ою-өрнектің құрылымы, заңдылықтары бүгінгі күнге дейін ғалымдардың назарынан тыс қалып отыр, неге десеңіз өнертанушылардың оюлар саласына жүргізген ғылыми зерттеулерінде өрнектің пайда болу мен символикасы әлі күнге дейін жұмбақ. Қолөнер саласында оған қарамастан ою-өрнек басты рөл атқарады. Ою-өрнек дегеніміз – геометриялық және бейнелеу элементтерінің жүйелі ырғақпен қайталанып, үйлесімді құрылуы. Ою-өрнек сөзі қосарлана айтылады. Ол бұйымның бетін әшекейлеу үшін қолданылатын нақыш, өрнек. Шеберлер бұйымдардың беттерін өрнектеу үшін түрлі тәсілдерді қолданады. Олар: оймыштау, бедерлеу, шеку, қашау, тісеу, құрау әрекеттері арқылы жүзеге асады. Әр өрнек белгілі бір бөлшектен құралады. Сонымен ою-өрнек дегеніміз – әдемі ырғаққа арнаулы жүйемен құрылған өрнек бөлшектері. Кейде осы сөзді жалпы ою деп атай береді. «Ою» сөзін латынның *ornamentum* (орнамент), ал «өрнек» сөзін орыстың узор сөзінің баламасы ретінде қолдануға болады. (Д.Шоқпарұлы). Ою-өрнек композициялық құрылымына қарай үшке бөлінеді: 1) жиектік өрнектер (фриздер, бордюрлар); 2) гүлді өрнектер (шеңбер түріндегі ою-өрнектер, розетка, күн белгісі, т.б.); 3) торлы ою-өрнектер (заттың бетін тұтас жауып тұрады). Бейнелеу белгілеріне сай оларды негізгі үш түрге бөледі: Геометриялық өрнектер; Көкөніс өрнектері; Зооморфтық өрнектер. Геометриялық өрнектер әртүрлі геометриялық денелерден құралады. Көкөніс өрнектерінде өсімдіктердің гүлі, жапырағы, сабағы, дәні т.б. элементтері негізгі планда көрінеді. Зооморфтық өрнектер негізінен жануарларды, яғни аң-құс, балық т.б. түрлі жәндіктерді 277 бейнелейді. Осы ою-өрнектердің барлығын шеберлер қазақ кестешілігінде түрлендіріп қолданады. Қазақтың тұрмыста қолданатын заттарының барлығы көшпелі, жартылай көшпелі өміріне лайықталып жасалған. Халық шеберлерінің қолынан шыққан бұйымдардың ою өрнекпен безендірілмегені өте аз кездеседі. Демек, қазақтың ежелгі замандардан пайдаланып келе жатқан киіз үйінің есігінен аттап кірмей жатып-ақ оюлар әлеміне саяхат басталатындығы осының айғағы. Киізден жасалған аяққаптар,

сандыққаптар, төсеніштердің бет жақтары жапсырмалы немесе жіп салып тігілген ою-өрнектермен сәнделген. Бұдан басқа да түрлі киімдер, төсек-көрпелер, матадан және киізден тігілген дорбалар да осы үлгімен сәнделіп, керегеге ілініп киіз үйге сән беріп тұрған. Ою-өрнек қолданбалы қолөнер бұйымдарының тұтыну және эстетикалық мән мағынасын аша түседі. Ою-өрнек өнері ежелгі замандарда қалыптасып, халқымыздың тарихымен, тұрмыстағы әдет-ғұрып, салт-дәстүріне сай дамып, түрленіп жетілдіріліп отырған. Ою-өрнек өнерінің дамуы мен қалыптасуында әрбір тарихи дәуірдің салып кеткен үлгі таңбасы бар. Қазақ мәдениеті қазақ даласын және Орта Азия өңірін қамтыған ұлан-байтақ өңірде мекендеген ертедегі сақ, ғкн, үйсін, қаңлы, алан сияқты ұлыстық елдерден бастау алады. Үйсіндердің, қаңлылардың, аландардың және басқа тайпалардың мәдениеті сақ тайпалары мәдениетінің заңды жалғасы және дамыған түрі. Тарихи, ғылыми деректерге жүгінсек, қазақ халқының ою-өрнегінің ежелгі заманнан бастау алып, қазақ жерін мекен еткен көшпелі тайпаларының ықпал-әсерімен, сан ғасырлар бойы қалыптасып, өзіне тән белгілі бір жүйеге келгенін көреміз. Қазақтың ою-өрнегінің сонау тас дәуірінің соңғы кезінен-ақ басталғаны анық. Алғашқы адамдар тас құралдардың бетін бедерлеп әртүрлі әшекейлер салған. Қола заманының тұсында адамдар қоладан, мыстан жасалған заттар мен қару-жарақтарды, саздан жасалған ыдыстарды өздерінше оюмен әшекейлеген. Сонымен қатар жүннен, теріден, ағаштан, сүйектен істелген үй жиһаздары мен құрал-жабдықтарды ою-өрнекпен әшекейлеп қолданысқа енгізген. Сақ қорғандарынан табылған алтыннан, қоладан, ағаштан, теріден жасалған қолөнер туындылары мен зергерлік бұйымдар осының дәлелі. Табиғат құбылыстары ежелгі адамдардың бейнелеу өнеріндегі дүние-танымын қалыптастырды. Осылайша ою-өрнектердің алғашқы нұсқаларда сынық, жолақ, жіңішке, жуан сызықтар және нүктелер мен үшбұрыштар пайда бола бастаған. Батыс Қазақстанның зергерлік бұйымдарында «үшбұрыш» ою-өрнегінің іші нүктелермен толтырылған. Бұл үлгі сол жердегі бейнелеу өнерінде қолданылатын бір түрлі әдіс болса керек. Сол ою-өрнектердің элементтерінде дөңгелектен басқа төртбұрышты да кездестіруге болады. «Төртбұрыш» өрнегі адамдардың бір күндік, бір айлық немесе жарты жылдық өмірін білдіреді. Егер кесте тоқушы төртбұрыштың ортасына күнді орналастырып, оның жартысын бояп қойса, бұл өрнектің символдық мәні күн мен түнді білдіреді екен. Әр халықтың ою-өрнек үлгісі оның жан дүниесін, тұрмысын айқын танытады. Халық шеберлері өрнек үлгілерін негізінен адамды қоршаған табиғат аясынан алады. Ою-өрнек те халқымыздың ауыз әдебиеті сияқты мәдени мұрамыз. Шеберлеріміз оларды қолөнер бұйымдарына қолдану арқылы қайта жаңғыртып отыр. «Жұлдыз» - өрнек геометриялық сынық сызықты тұспалдайды. Ісмерлер кестеге кейде жұлдыздың натуралды қалпын түсіреді. Жұлдыз бейнесі композицияланған ою-өрнектердің ортасында кездеседі. «Жұлдызгүл» - бес бұрыш жасап, гүлмен өрнектеліп, бес тармақтан тұратын гүлді тұспалдайды. Тұскиіз, төсекжапқыш, беторамал орталарына және сырт киімнің арқа тұсына, шапанның етегінің екі алдыңғы бұрышына кестеленеді. 278 «Күн» - ою-өрнегі Күнді меңзейді. Діни ұғымда магиялық тылсым күші бар деп кілемнің, тұскиіздің ортасына және тұрмыстық бұйымдарды кестелеп сәндегенде қолданылады. «Қосмүйіз» - малдың екі мүйізін бейнелейді. Кейде «ырғақ», «ілемек» деп аталатын оюларды қосмүйіз дейді. Бұл оюды үй жиһаздарынан басқа сәукелені, айыр қалпақтың төбесін, шетін, қамзолдың алдыңғы жағын, етіктің қонышын кестелеген кезде қолданады. «Арқармүйіз» - бұл элемент «қошқармүйізге» ұқсас, бірақ оған қарағанда шиыршықтанып, тармағы одан көбірек болып келеді. Үй жиһаздарын, киім-кешектерді кестелеуге қолданылады. «Сыңармүйіз» - қошқармүйіздің бір жақ сыңарын бейнелейтін өрнек. Өрнек үй жиһаздарын, киім-кешектердің шеттерін кестелегенде салынады. «Қырықмүйіз» - біріне-бірі жалғаса, тармақтала қосылған көп мүйізден тұрады. Негізінен мүйіз бейнеленген оюлардың

барлығының символдық мәні бақыт-береке, байлық, мал-жанының көбеюі. Тұскиіз, сырмақ, кежім тондарға салынады. «Төртқұлақ» - өсімдік тектес оюларға жатады. Бұл Пазырық қорғанынан табылған ең көне оюлардың бірі. Кесте өнерінде батырлар шапанының жауырынына, шалбардың тізе тұсына салынады. Ою-өрнек әрқашанда қосалды рөл атқарады, себебі мүсін немесе сұңғат сияқты өз бетімен өмір сүре алмайды. Біз оны сәулет өнерінен, сандыққа, кебежеге, бесікке, ұлттық киім кешекке, қару-жараққа салынған оюлар ретінде қабылдаймыз, демек ою-өрнекті қандай болмасын бір затпен байланыссыз елестете алмаймыз. Қазақ ою-өрнектеріне назар салған әр адам бұйымда көрсетілген ою-өрнектің тақырыптық мазмұны, құрылымы, ырғағы және өзіндік философиялық мәні бар екенін байқауға болады. Ою-өрнекті салуға дағдыланған шебер, оны өлең жазатын ақын секілді, табан астында аяғы мен құрылымы сәтті үйлескен ою үлгісін өз қиялынан шығарып сол сәтте қиып бере алады. Ол үшін қиялдың ұшқырлығы қажет. Ою-өрнек-қолданбалы өнер түрлері ішінде бір жүйеге келтірілген. Көне дәуірдегі қолөнершілер «егіз» өрнегін немесе егіз аңды, сондай-ақ жануарды бейнелегенде өмірде бейбітшілік пен тепе-теңдікті сақтау ұғымын білдірген. Әр ою-өрнектің негізі, симметриялық осі болады. Киізден, ағаш және темірден жасалған кез-келген затты бұйымға бейнелегенде оның осіне арнайы салынатын элементтері болады, ол ою-өрнектер: «күнкөзі», «жұлдыз», «жұлдызгүл» өрнектері. Бәлкім, болашақта ою-өрнектің мағынасын, логикалық күшін түсіне отырып, оюдың әр элементі көркем туынды ретінде қабырғаға әсемдік үшін ілетін болар. Себебі ғасырлар бойы «тұмар», «ұмай», «қошқармүйіз» ою-өрнегінің магиялық күші бар деп сенген ата-бабаларымыздың дәстүрінің әлі күнге дейін ашылмай жатқан құпия сырлары бар. Ою-өрнектің ертедегі атаулары-халықтың тарихы мен ұлттық ерекшелігінен, дүниетанымынан және мәдениеттілігінен, мол мағлұмат беретін құндылық. Олар халықтың өткен тарихы, мәдени, материалдық өмірінің айнасы. Қазақ тіліндегі ою-өрнек атауларының шығу тарихы сан салалы болғанымен, олардың атауларында тек қазақ тіліне ғана тән сөздер, түркі тілдеріне ортақ атаулар ғана кездеседі. Қазақтың «ою» және «өрнек» сөздері бірігіп, латынша «орнамент» деген сөзді білдіреді. Бұл сөз көп халықтың тіліне сіңген термин мағынасы – сәндеу, әсемдеу деп аталады. Бір-бірін Сан түрлі ою-өрнек әрбәр қолөнер туындысында жаңа түрге ие болады, сондай-ақ қолданыста қайталамайды. Ою-өрнектің тілі өте күрделі, ал құрылымы қарапайым. Қазіргі таңда шеберлер оюлардың бір-бірін қайталамайтын жүздеген түрін ойлап, күнделікті тұрмыста қолданып келеді. Бояудың атқаратын рөлі ою бедерін анық шығару үшін маңызды болып табылады. Ертеден шеберлер өз қолөнер туындыларына бояуды пайдаланғанда, оның нышандық мәнін аша білген. Оюлар әдемі, көрнекті шықсын десек, біз бірнеше мәселені ескеруіміз қажет: біріншіден, ырғағы мен мөлшерін сақтау, өрнек бедерленетін материалды таңдай білу, ең негізгісі ою-өрнектің мазмұнды болуы суретшінің білікті дүниетанымына байланысты. Формальды түрде ою-өрнек элементтерінде бейнеленетін элемент жоқ, олардың бәрінің мазмұны бар. Ою-өрнектің тематикалық түрлерін атап кетсек, қазақ қолөнерінде қолданылатын түстердің символдық мәні бар: көк – аспанның, қызыл-оттың, күн сәулесінің, ақ-ақиқаттың, сары ақылдың, қайғы-мұңның, қара-жердің, жасыл-жастықтың, көктемнің символы. Бұйымдағы ою өрнек осы түстердің біреуімен бейнелегенде ғана оған қандай да бір мән беріледі. Сырмақ сырда ақ пен қара түсті пайдалану қалыптасқан, сол сияқты көк пен сары түстің, көк пен жасыл, қара мен ашық қызыл түстің қатар пайдалануы ғасырлар бойы дәстүрге айналған. Көбінесе түстен нақ ортадан бастап шетке қарай түрленеді. Сонда ортада қара, ақ, жасыл, сары, көк түс келеді. Бұл түстер ұлт өрнегінде түстерді орналастырудың көне мәнері. Өрнек атауларының әрқайсысына жеке атау беру мүмкін емес, әр шебер өзі жасаған ою өрнекке өзі ат береді. Оюдың пайда болу тарихын оюшыдан артық ешкім білмейді. Ою-өрнек саласын

зерттеп жүрген ғалымдар оларды бір жүйеге келтіріп,мынандай топтарға бөлген: 1) Өсімдік типтес ою-өрнек («жапырақ», «үшжапырақ», «ағаш», «шиыршық гүл») 2)Зооморфтық ою-өрнек (жануарлардың табиғи және мифтік бейнелері, «қошқармүйіз», «қосмүйіз», «сынықмүйіз», «қырықмүйіз», «өркеш», «табан», «ботамойын», «құсқанат») 3)Космогониялық ою-өрнек («дөңгелек», «ирек», «шимай», «торкөз») Соған қарамастан қазақ тіліндегі әр түрлі ою-өрнек атауларын лексика-семантикалық топқа ғылыми тұрғыдан қарастыруға болады: ай, күн,жұлдыз,аспан әлеміне байланысты ою өрнектер; малдың дене мүшелеріне байланысты ою-өрнектер; аңға,аңның дене мүшесіне,ізіне байланысты ою-өрнектер; құрт-құмырсқаларға,олардың ізіне байланысты ою-өрнектер; құстарға байланысты ою-өрнектер; жер,су өсімдік бейнелеріне байланысты ою-өрнектер; қару құралдарға байланысты ою-өрнектер. Қазіргі таңда халқымыздың мәдени асыл қазынасының бір саласы ою-өрнек өнері қайта дамып,жаңа түр тауып,саналы өміріміздің кәдесіне жарауда.Қазақ халқының көне дәуірден өшпес мұрасы болып,ұрпақтан-ұрпаққа,өзіндік тарихымен,әдет-ғұрпымен,көшпенді елімізді бүкіл әлемге өзінің ерекшелігімен таныта білген-қолөнер.Бұл бөлімде өткен өмірімізбен бірге,өшпес мұра болып,материалдық мүліктерімізбен қатарласып,сабақтасып келе жатқан ою өрнек өркендеуінде ата-бабаларымыздың сезімдік-талғампаздық дүниесі,қоршаған табиғат аясы,өскен ұясы,туған жердің қасиетті топырағы мен тоғай-тауларының құлпырған реңк түрлері,шикізат байлықтары да көп ықпал етті.Әр халыққа,ұлтқа тән өзіндік ою-өрнек негіздері қалыптасып,дәстүрге алды.Кілемге,киімге,сырмаққа,ыдысқа,қару-жаракқа арналған ою түрлері қалыптасты.Олай болса,ою-өрнек бүгінгі өмірімізге бірден дайын күйінде келмеген. Ою-өрнек – адам баласының жүрегінің лүпілінен,ақылының толқуынан,өзін айнала қоршаған ортаны танып тамашалауынан туған бейнелер нақты көшірілмей,образдар арқылы ою өрнекке айналып,әуенмен жеткен. Бұл-халықтың білімінің,шеберлігінің өсіп ою-өрнек өнеріне қосқан үлесі.Ою-өрнек бояулары-күрделі сюжеттер жасаудың құралы.Бояуда өзіндік нышандық мән болғандықтан,қиылған ою-өрнек түрлі-түске боялғанда,ол белгілі бір мазмұнды,философиялық ойды білдіреді.Ою-өрнектегі бояу түсінің құбылмалылығы бірден көз тартады.Олар бір-бірімен үйлескенде терең мағынаны меңзейді.Әр түрлі көріністер қоғам өмірі мен адал қызметінің ауқымдылығын,шексіздігін баяндайды. Әрбір адамның шығармашылық қабілетінің қанат жаюы оның еңбек саласының артуына әсер етеді, мәдениетін дамытады. Сөйтіп адамның жалпы мәдениетінің маңызды бөлігі – өміріміздің барлық саласына ықпал тигізетін эстетикалық мәдениет болып есептеледі. Осының бір көрінісі ою-өрнек материалдары негізінде студенттердің эстетикалық қабілетінің дамуы- жан-жақты тәрбиенің бүкіл тәрбие жүйесінің табиғи бір бөлігі. Сұлулықты тану эстетикалық тәрбиенің-болмыстағы және өнердегі әсемдікті дұрыс қабылдауға және өнерде, өмірде сұлулықты жасау, оған қатысу қабілетін, қажетсінуін қалыптастырады. 280 Студенттердің дамуындағы негізгі эстетикалық таным әрекеті – оқу болып табылады. Эстетикалық танымдық іс-әрекеті студенттердің іс-әрекетіндегі күрделі процесстердің бірі болып келеді. Егер де студенттердің кез-келген әрекетін психологиялық тұрғыдан талдайтын болсақ,ол күрделі психологиялық қасиеттері мен әрекеттерінің нәтижесінде пайда болады.Студенттердің ақыл-ойы,қызығушылығы,қажеттіліктері,сезімі сияқты психикалық процесстер іске қосылады.Олардың оқу іс-әрекеттерінің табысты болуында оның ақыл-ой еңбегінің дағдыларын қалыптастыру маңызды саналады. Студенттердің эстетикалық танымдық іс-әрекетін арттыру үшін, оның ақыл-лй еңбегін дамытуға көңіл аудару барысында қазақ қолөнеріндегі дәстүрлі ою-өрнектердің бірін мысалға келтіре кетсек,мысалы «Күн» ою-өрнегін біз көбіне білезіктер мен жүзіктерден көре аламыз. Ол бір дөңгелек немесе қос дөңгелек болып келеді. Бір дөңгелек етіп бейнелеу себебі,күн белгісін «күніміз ашық

болсын» деген тілекпен көрсеткен, ал қос дөңгелек етіп көрсетілуі мейірімділік пен әділеттіліктің белгісі. Қалың қос дөңгелекті қолбасшы адамдарға сыйлайтын болған. Бұндай жүзіктер мөр ретінде де қолданылған. Тас көздің бетінде адамның аты да жазылғандығын айта отырып, осы өрнектердің мән-мағынасымен түсіндіру арқылы студенттердің танымдық қасиеттерін жетілдіру болып отыр. Елімізде, қоғамдық өмірдің барлық салаларында жүріп жатқан өзгерістер мектеп өміріне және жоғары оқу орындарына да көп жаңалық әкелді. Студенттерді мектептен бастап бейнелеу өнерінің саласы сәндік – қолданбалы өнерге қызығушылығын арттыру арқылы эстетикалық дүниетанымын қалыптастыру, ұлттардың салт-дәстүрі мен байланыста орындалған қолөнері бұйымдарындағы ою-өрнектер арқылы эстетикалық тәрбие беру қарастырылуда. Ұлттардың сәндік-қолөнеріне деген эстетикалық дүниетанымын қалыптастырып, өз елінің, туған жерінің көркем өнеріне құрметпен қарай білуге, сәндік қолөнері арқылы еңбекке, өнерге және эстетикалық дүниетануын қалыптастыруға жас кезінен баулу бүгінгі таңдағы маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Яғни, студенттердің эстетикалық талғамын қалыптастырудағы ғылыми-зерттеу жұмысымыздың тақырыбы мен мазмұнын ашу мақсатында біз философиялық, мәдениеттану, өнертану және психология, педагогика ғылымдарында қозғалатын және көркем әдебиетте эстетикалық дүниетанымды, қалыптастыру мәселелеріне байланысты жеке зерттеулерге тоқталдық. Міне, сондықтан да ғылыми ізденісіміздің алғашқы бастамасында ою-өрнек материалдары негізінде «эстетика», «дүниетаным» ұғымдарын нақтылап, қарастырғанды жөн көрдік. Студенттердің өмірдегі, өнердегі әдемілікті көре білуі, сезімталдығы, жан-жағына қарап қабылдаудағы аңғарғаштығы, өнердегі және өмірдегі сұлулықты байқағыштығы оның эстетикалық дүниетанымына байланысты. Сондықтан жоғары оқу орындарына да ою-өрнек материалдары негізінде жүргізілетін тәрбие жұмысы студенттің эстетикалық дүниетанымын қалыптастыруға қажетті, тікелей осы бағытқа арналған тәрбиелік жұмыстарда жүргізіліп отырады. Олар-әдебиет, музыка және көркем еңбек пәндері. Сондықтан да студентке эстетикалық тәрбие беру арқылы олардың өзіндік талғамын, сұлулықты, көркемдікті көре, тани алатын тұлға ретінде дамытуы қажет. Осы айтылғандармен бірге өзінің ой-пікірін айтарлықтай, бағалай алатындай болуы керек. Мысалы, көркем сөзде мәнерлі сөздің болуы, жанрлық ерекшелік пен өнерге қатысты әдістердің тарихи шарттылығы дегенді білуі керек етсе, көркем өнерде түс тануды, сұлулықты, сезінуді, меңгеруді қажет етеді. Осы айтылғандар негізінде студенттерді талғампаздық пайда болады. Талғам туралы айтпас бұрын алдымен дәрежелік қатынастарды белгілеп, «көркемдік талғам» түсініктерінің арасындағы айырмашылықты анықтау керек. Эстетикалық талғамның табиғаты туралы әзірше пікірлердегі ортақтық жоқ. Кейбір ғалымдар «талғамды еңбектің, тұрмыстың, адамдар арасындағы қатынасы, өнер туындыларының, табиғаттың сұлулығына тәрбиелеу мәдениеті деп есептейді; екіншілері- эстетикалық талғамды эмоционалды ойлау мен бағалау қабілеті ретінде 281 анықтайды; үшіншілері- эстетикалық талғамды эстетикалық құндылықтарды қабылдаудың аңдаушылық қабілеті деп қарастырады; төртіншілері- одан адамдардың эстетикалық көзқарастарының көрінісін береді; бесіншілері- эстетикалық идеалдың көрініс табуын көріп, алтыншылары- эстетикалық талғам мен эстетикалық сезім бір нәрсе деп айтады» және т.б. ойларды қарастырады. Қазақтың ұлттық оюлары көптеген ғалымдардың, өнертанушылар мен этнографтардың зерттеу нысанына айналып, бірқатар ғылыми еңбектің өзегі болды. Бұл тақырып Ә.Х. Марғұланнның, Қ. Мұратаев пен Б. Ибраевтың, сондай – ақ А. Қажығалиұлының кітаптарында кеңінен көрініс тапқан. Ұлттық оюлардың түрлері мен мән-мағынасын жіті зерттеген мамандарының пікіріне сүйенсек, ою-ұлттық дүниетанымның негізгі тұжырымдарын өн бойына жинақтаған бейнелеу өнерінің бірегей

түрі. Әйтсе де, қазақ оюларының кейбір аспектілері, өрнектерде көрініс тапқан ата бабаларымыздың космогониялық, діни және философиялық танымы әлі терең зерттелмеген. Қазақ оюының қазақпен ежелден қоныс отырған халықтардың дүниетанымымен байланысы да ғалымдар назарынан тыс қалып келеді. Біз үшін қазір шартбелгі сияқты болып көрінетін ою, таңбалар бұрын ақпараттық тұрғыдан түсінікті болған, әрине оюланған бұйымдар жасаушылар мен оларды күнделікті тұрмыста қолданушылар ою-өрнектердің мән-мағынасын жақсы түсінген. Ою-өрнектер сәндік әшекейден гөрі тіл-көзден сақтайтын бойтұмар қызметін көбірек атқарған. Реттілік, теңдік, симметрия мен үйлесім – өрнектік айшықтардың негізгі композициялық – әсемдік қағидаттары осылар. Кілемдер мен сырмақтарға, текеметтерге және киіз үйдің ішіне әр беретін әрі уық пен керегенің түйіскен жерін байлайтын басқұрларға түскен ою-өрнектің барлық түрінде нақ осы қағидаттар сақталған. Әрбір бұйымдағы ою түрлері әртүрлі мағынаға ие. Мәселен, киімдегі оюлық айшық мерекелік көңіл-күй сыйлау үшін ғана емес, адамды тіл көзден сақтау үшін, кей жағдайда киім иесінің әлеуметтік мәртебесін көрсету мақсатында қолданылады. Ең бастысы, оюдың қай түрін пайдалануды және оны бұйымға қалай орналастыруды білу керек. Ежелгі халық ауыз әдебиетінде сұлулық пен әсемдікті терең бейнелеген сан түрлі жырларда толғаулар ерекше суреттер көп. Халық солардан рухани күш алып, келер ұрпаққа мұра етіп, сақтап келеді, әр адамның көңілінде әсемдік жөніндегі өмір тәжірибесінен туған түсініктері болады. Сол түсінік оны үлкен идеяларға жетелеп, әсем сезімге бөлеп, бақытына жол сілтейді. Жүректе пәк сезімнің ұялауы оған күшті ерік, жігер береді. Ол табиғаттағы, өнердегі, өмірдегі әсем сезімді ғылым арқылы терең ашып түсінуге болады. Соның ішінде адамдардың шындықты, өмірді әсем сезіммен танып, өмірді өнер арқылы ашуы эстетикалық таным деп аталады. Ұлы ғұлама Ж.Баласағұн өзінің «Құтты білік» дастанында әсемдік құбылысты ойшыл ақын ретінде философиялық тұрғыда бағалап, жақсы жаман құбылыстардың жігін ашы талдады [1]. Жалпы эстетикалық мәдениет-бұл қарым-қатынас эстетикасы, киім-кешек эстетикасы, үй-жағдай эстетикасы, өзін ұстай білу үлгісі, дене қиымыл т.б. А.С Макаренко еңбектерінде бұл проблемаларға зор мән берілген. Атақты француз жазушысы, философ және педагог Жан-Жак Руссо эстетика туралы былай деген: Дене қимылын бір қалыпта ұстауға, мейірімді дауыспен сөйлеуге, өзінді ұстай білуге, жеңіл жүруге жету, - дейді. Сондықтан дене қимылында, өзін ұстай білуінде қарапайымдылықты, сезім өлшемін сақтау керек. А.П.Чеховтың сөзімен айтқанда, адамда бет, киім, жан, ой-бәрі де сұлу болуы керек [2]. Қазіргі заманғы қоғамда адамнан тек политехникалық білімді болуын талап етіп қана қоймай, жоғары деңгейдегі мәдениет пен ғылым мен техниканың түрлі салаларында терең мамандануын ғана емес қоғамда өмір сүріп тіршілік ете білуді талап етеді. Эстетикалық тәрбие 282 ақыл-ой, адамгершілік, дене тәрбиелерімен тығыз байланысты. Ол адамды рухани байытып, көркем шығармашылық қабілетін дамытуға ықпал етуге тиісті. Эстетикалық тәрбие берудегі негізгі бастау қайнар көз дәстүрлі қазақ қоғамында ғасырлар бойы қордаланған құндылықтар жүйесі, рухани мұралары, халық ауыз әдебиеті болуы, жаһандану дәуіріндегі рухани азғындау қаупінен сақтанатын бірден бір жол. Болашақ мұғалімдердің эстетикалық тәрбиесін қолданбалы қолөнері құралдары арқылы қалыптастыру мәселесіне орай қазіргі саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени эстетикалық тәрбие беру жағдайында үлкен үмітпен қоса, болашақ мұғалімдерге орасан зор жауапкершіліктер де артып отыр. Эстетикалық талғамы биік, сезімтал адам еңбектегі әдемілікті, табиғаттағы сұлулықты, өнердегі әсемдікті танып, оны сүйе, қастерлей білетін болады. Ол туралы В.Белинский былай деп жазған: «Әсемдікті сезіну – адамгершілік қасиеттің шарты. Тек осы сезім төңірегінде сана ақыл парасат болуы мүмкін тек осы сезіммен ғана адам өмірде ерлік істей алады, эстетикалық сезім – жақсылықтың негізі, адамгершіліктің негізі». Яғни, эстетикалық

көзқарасты тәрбиелеу, ұлттық өнерге мұқият зейін салуды талап етумен қатар балалардың ақыл – ойын, дүниетанымын дамытады [3]. Халық әрдайым әсемдікті іздеді, қолдан жасады және оны өмірде, салт – дәстүрімізге, еңбекте бекітуге тырысады. Әдемілікті сезіну үшін, оған түсіну үшін ең алдымен бейнелеу өнері, музыка және ән саласында әрбір адамда әдет ғұрпына қарай білімі болуы қажет. Халықтың эстетикалық тәрбие жүйесінде лирикалық, тұрмыстық, еңбектік және т.б. әндер мен өлеңдер ерекше орын алады. Бұлар да эстетикалық тәрбиенің құралдары ретінде қызмет етеді. Сұлулық ұғымы қазақ халқына қашаннан етене таныс белгілі. Суырып салма ақындар өз шығармаларында көне дәстүрге орай асқақ өрең ойды, халықтың эстетикалық арман тілегін, өмірдің сан қилы әсемдік құбылысын жыр етті [4]. Ою-өрнекті теориялық жағынан негіздеу – этнолингвистикалық атауларды лексико – семантикалық топтарға бөлуге қатысты нақты қорытындылар жасауға мүмкіндік береді. Ою-өрнек тарихы, халық тарихымен жасасып келе жатқан төл мұрамыз екені белгілі. Бүгінгі таңда ою-өрнектің практикалық маңызы артып отыр. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Тарих толқынында» атты кітабында: «Біздің бәріміздің де мақтаныш етуімізге тұрарлық мол мұрамыз бар. Өйткені ата – бабаларымыз адамзат тарихында өшпес із қалдырып кеткен. Еуразия құрлығындағы халықтардың тағдырына орасан зор күшті әсер еткен. Ұлы дала ерекше рух пен дүниетанымды қалыптастырады», - деп жазады. Ендеше, даланың ерекше рухы, салт-санасы мен құндылықтары, қазақтың өмірдік философиясы айшықталған осынау қазақтың қол өнеріндегі ою-өрнек мыңдаған жылдық тарихы бар, мәдениетіміздің асыл қазынасы десек қателеспейміз. Қазіргі таңда өз дербестігін, еркіндігін алған тәуелсіз Қазақстан Республикасының төл өнерінің өркен жайып дамуы үшін үлгі алатын тұстары жетерлік. Қазақтың қолөнеріндегі ою-өрнектің рәмізді белгісі-ерекше тарихи құбылыс ретінде рухани және материалдық мәдениетінің шынайы болмысын айқындайды. Қолөнер мәдениетінің құбылысы және ол рухани күш. Сондықтан қолөнердегі ою-өрнектің көркемдігі арқылы адам кез – келген құбылысты қабылдап, оған баға беріп, өз көзқарасы мен ойын білдіре алады, өрнектейді. Ою – өрнек өз бетінше тұтас дүние. Егер ата-бабаларымыз элементтер арқылы ойлады деп қарастыратын болсақ, әрине, олар бүгінгі күнге дейін жетпей жоғалып кеткен болар еді. Себебі дүниені тек элементтер арқылы қарастыру, жеке элементтер арқылы ойлау мүмкін емес. Біз ою-өрнек тұтас ойлаудан, дүниені тұтас қабылдаудан пайда болған біртұтас жүйе де айта аламыз. Тұтас қабылдаудың нәтижесінде оның рәміздік, белгілік нышандары қалыптасады. Ою-өрнек пен таңбалар тұтас қабылдаудың, түйсінудің нәтижесінде пайда болғаны белгілі. Тамыры тереңде жатқан, сонау сақ-скиф заманынан бастау алатын, әлемді тамсандырған «Скиф-сақ стилі» атанған көшпелілер өнері осындай қиын заманда ою-өрнектің кең қанат жаюына үлкен әсер етті. «Скиф- сақ стилінің» өнерінің оюға арналған стилизациялы – абстрактылы түрі өркендеді. Қазақтың сәндік – қолданбалы өнерінің арғы тегі – сақ мәдениетінің 283 негізгі арқауы. «Скиф-сақ стилінің» өнері. Бұл стиль әшекейлі өнердің жоғарғы шегіне жетіп қана қоймай, белгілі бір таңбалық және мағыналық ақпараттық белгілерді білдірді. Өзге мәдени ортада «Скиф – сақ стилінің» бұл белгілерін жоғалтқанымен, тарихи сабақтастыққа орай қазақ мәдениетінде өшпес із қалдырды. Исламның бейнелеуге тыйым салуынан соң қазақтың өнерінде бұл стильдің жұрнақтары – «қошқар мүйіз», «түйе табан», «жылан бас», «тұйық ою» тағы басқа үлкен символикалық мәнге ие бола отырып дамыды. Мамандардың пікірінше, ою-өрнектің пайда болуының бірнеше себебі бар. Қай халықтың мәдениетіне байыптап көз салсақ та, сол халықтың әсемдік талғамы мен танымына, эстетикалық ұстанымына сәйкес мезгілі бір өнер түрінің басым дамып отырғанына көз жеткіземіз. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде ою-өрнек қатыспайтын саласы жоқ деуге негіз бар. Ғалымдар атап айтқандай, «ою-өрнек-ырғақ пен нышандарының тұтасуынан туған дүние» [5].

**Қолданылған әдебиеттер тізімі:** 1. Молдасан Қ.С. Жүсіп Баласағұнның педагогикалық мұрасындағы ізгілікті басқарудың негіздері / 13.00.01.-Жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы, этнопедагогика мамандығы бойынша дайындалған, Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясының авторефераты. ҚР. 2009 жыл. 2. Қазақстан тарихы (XVIII ғасыр — 1914 жыл). Жалпы білім беретін мектептің 8 сыныбына арналған оқулық / Қабылдинов З.Е., Қайыпбаева А.Т. Алматы: Атамұра, 2008.-352 бет. 3. Любченко, К. Р. Педагогика как искусство / К. Р. Любченко.-Текст : непосредственный // Молодой ученый. -2024.- № 21 (520).-С. 222-224.-URL: <https://moluch.ru/archive/520/114602/> (дата обращения: 01.04.2025). 4. Ахметов Т. Жүсіп Баласағұнның тәлім-тәрбиелік идеялары: пед. ғылы. канд... автореф: ... 13.00.01.-Астана-2013-56 б 5. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Бірінші кітап. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 512 б.